



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//7 АҚПАН 2019 ЖЫЛ

## ЕАЭО ИНТЕГРАЦИЯСЫ

# ОРТАҚ КЕҢІСТІКТІҢ КЕЛЕШЕГІ БІР

Биыл Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімшартқа қол қойылғанына 5 жыл және еуразиялық интеграция идеясына 25 жыл толады. Айтуды жылдың басталуымен бірге елдеріміз әріптестіктің кезекті жаңа сатысына қадам басты. Үкімет басшылары деңгейіндегі Еуразия үкіметаралық кеңесінің биылғы бірінші отырысы Алматы өтіп, онда ЕАЭО мемлекеттері ортақ нарықты өзара іс-қимылдың және бірлесікті әрі қарай дамытудың маңызды мәселелерін талқылады.

### БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Дәстүрлі шағын және кеңейтілген форматта жүргізілген отырыстың күн тәртібінде сауда-экономикалық ынтымақтастық және Оаққа мүше мемлекеттер арасында өзара сауда-саттықты кеңейтуге, экономиканың жеделден салдарында интеграциялық әлеуетті дамытуға қатысты жалпы 16 мәселе қаралды.

Қазақстан Премьер-министрі Б.Сағынтаев, Ресей Премьер-министрі Д.Медведев, Беларусь Премьер-министрі С.Румас, Қырғызстан Премьер-министрі М.Абылғазиев, Армения вице-Премьер-министрі М.Григорян және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының төрағасы Т.Саркисян алдымен шағын құрамда экономикалық өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері жайында кенесті. Мұның қатарында: Оаққа мүше мемлекеттер арасында тауар айналымын одан әрі ұлғайту, сауда-саттық, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, салық және кеден саясаты салаларындағы занды нормаларды бірегейлендіру арқылы қол жеткізу құралдары, ЕАЭО цифрлық күн тәртібі аясында жобаларды іске асыру тетіктері туралы пікір алсынды, сонмен бірге білім беру саласында бірқатар құжатты



өзара мойындау жүйесін жетілдіру келешегі сөз болды.

Кеңейтілген құрамда өткен жылы ЕАЭО кеністігінде сауда-саттықты дамытудың қорытындылары шығарылып, тұрақты экономикалық дамуды одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарға ден қойылды. — 2018 жылы ортақ күш-жігермен активтер қоржыны жинақталды. Енді оны алағы уақытта да дамыту қажет. Цифрлық бастамаларды басқару өсіріне перспективалы ұсыныстар түсіп, олардың бірқатары бүгінде қаралып жатыр. Тұрақты негізде кедергілердің келісілген тізімі өзектендірілуде, өткен жылдың қорытындысы бойынша 17 кедергі жойылды, — деп атап өтті Қазақстан Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев сөз сөйлеу барысында.

Сонымен қатар алдыңғы отырыстарда газ, мұнай, мұнай өнімдері бойынша ортақ нарықтарды қалыптастыру бағдарламасы бекітіліп, интеграция процесінен одан әрі дамыту декларациясы қабылданған болатын. Олар қарай қалыптастыру тұрғысынан 9 жыл бойы соған

қатысты жұмыстар жүргізілген алкоколь өнімдерінің қауіпсіздігі туралы бірінші рет регламент әзірленді. Алкоголь мен темекіге салынатын акциздер саласындағы салық саясатының қарқындылығы туралы келісімдер жобаларының жұмыстары аяқталуға тауау. Қазақстан Үкіметінің басшысы келергілері жою үшін алағы уақытта жана Жол картасын әзірлеу қажеттігін айтты. Сондай-ақ ол Сингапурмен және Сербиямен еркін сауда аймағын қалыптастыру бойынша келіссөздер процесін одан әрі жүргізу, Израильмен және Мысырмен сауда келіссөздерін жандандыру жұмыстарын жүргізу қажеттігін назар аударды. Бұл нарықтарға қолайлы ашық жағдайлар жасау ЕАЭО елдерінің экспорттық әлеуетін іске асыруға елеулі ықпал етеді. Ағымдағы жылы ортақ қаржы нарығын дамыту тұрғысынан да айтарлық ігерілері орын алмақ. Ұлттық банк тиісті тұжырымдаманы белсенді талдауда. Атап айтқанда, Жоғарғы Кеңестің өткен отырысында Қазақстан Президенті ЕАЭО елдерінің азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы келісімді

әзірлеуді аяқтау қажеттігін айтқан болатын. Бұл ретте әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері барлық елдер үшін басымдыққа ие. Қазақстан тарапы Одақ елдерінің өзара және сыртқы саудасында статистикалық деректердің әртүрлілігі проблемасын көтеріп, бұл мәселеде түбегейлі өзгерістерге ұмтылу қажеттігін ала тартты. ЕАЭО кеністігінде Қазақстанның цифрлық саладағы бастамалары іс жүзінде белсенді енгізілуде. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының төрағасы Тигран Саркисян қазақстандық әріптестерден цифрлық платформа базасында еңбек нарығын қалыптастыруға қатысты ұсыныс түскенін мәлімдеді. Онда жұмыс берушілерден өтімдірек тіркеліп, смарт-келісімшарттар бекітіледі. Мұндай механизм заңдық келісілдерді қамтамасыз етіп, еңбек аяғының рационализациялауға әкеледі. Ол цифрлық күн тәртібі Оаққа қатысты елдер үшін айрықша маңызды екенін атап өтті.

## ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

Table with columns: АКЦИЈЛАР, Risors, Last, %Δ1D, %Δ1M. Includes entries for RU\_VTBR, KCEL, KEGC, KZTK, RU\_AFLT, and Индекс KASE.

Table with columns: АҚША НАРЫҒЫ, Symbol, Last, %Δ1D, %Δ1M. Includes entries for MM Index, TONIA, SWAP-1D (USD), TWINA, SWAP-2D (USD), and KazPrime-3M (KZT).

Table with columns: КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЈЛАР, Deals, Yield, DTM. Includes entries for TSBN30, CCBN3, FFINb2, FFINb3, ATFB67, and TSBN34.

Table with columns: МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, Deals, Yield, DTM. Includes entries for NTK182\_2512, KZ\_05\_2410, NTK182\_2508, MUM180\_0011, NTK028\_2505, and MUM120\_0007.

## ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Table with columns: Индекстер, KASE, FTSE 100, MSCI World, S&P 500, Dow Jones, Russel 2000, Russel 3000, SSE Comp, Тауарлар, Мұнай, Мыс, Қорғасын, Мырыш, Никель, Алуминий, Уран, Валюта нарықтары, USDKZT, EURKZT, USDJBY, USDYBY, EURUSD, GBPUSD.

## САНДЫҚ ИНДУСТРИЯ 2.0

# Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі

Төртінші өнеркәсіптік революция технологияларын өмірге енгізу мен цифрлық индустрияны дамыту бүгінгі зымыран уақыттың талабына айналды. Осы ретте Алағату баурайында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкімет басшыларының қатысуымен өткен «Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі» халықаралық форумда әлемнің ірі IT компаниялары негізін қалаушылар, халықаралық ақпараттық технологиялық партеркін, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Сингапур, Швейцария және ТМД елдері технологиялық индустриясының өкілдері, белгілі сарапшылар бас қосып, Еуразияның инновациялық экожүйесін дамыту, инфрақұрылымның жандандыру мәселелерін талқылады, цифрлық экономиканы құру саласындағы тәжірибелермен бөлісті. РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Еуразиялық цифрлық күн тәртібінің 2025 жылға дейінгі басты бағыттары белгіленген Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы қазандағы отырысында ұсынған бастамасы негізінде Алматыда ақпан айында өмірге келген «Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі» халықаралық форумы биыл екінші рет өткізіліп отыр. Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ұйымдастырып отырған бұл форум Алағату баурайындағы әсем шаһарда жыл сайын ақпан айының алғашқы күні шартаратан келген ғалымдар, технологиялық индустрия мейлтамандары, сарапшылар ой бөлісіп, тәжірибе алмасатын бірегей алаңа айналды. Биыл «Еуразияның инновациялық экожүйесін» тақырыбына арналған алқамы жиынның ашылуында премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың форум қатысушыларына жолдаған ыстық лебізін жеткізді. — Құрметті форум қатысушылары, «Жаһандану дәуіріндегі

цифрлық күн тәртібі» форумына қош келдіңіздер! Әлемде жылдам әрі түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды. Тімді цифрландыру шаралары ұлттық экономиканың қарқынды дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі факторына айналуда. Әлемнің озық елдері, олардың G-20 және Еуропалық Одақ секілді бірлестіктері өздерінің Цифрландыру бойынша стратегиялық құжаттарын қабылдады. Біздің Еуразиялық экономикалық одақта 2025 жылға дейінгі Цифрлық күн тәртібін қабылдады. Бүгінгі Форум аталған күн тәртібін іске асырудың маңызды қадамы. Ортақ нарықтың болуы цифрландыру мәселелерінде бірлескен тәсілдер мен шараларды әзірлеуді талап етеді. Күштері жұмылдыру Еуразиялық экономикалық одақтың тұтастай және әр елдің жекелей дамуы үшін синергиялық тиімділікті қамтамасыз етеді. Бұл іс-шараны жасау үшін ішкі нарықтарды әзірлеуге және ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін.

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ



# Кәсіподақ қозғаушы күшке айналды

Астана қаласында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Бас кеңесінің отырысында 2018 жылдың жұмыс қорытындысы қаралды. ҚАЗАМТЫҚ ҚОҒАМЫ

# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### Нұр Отан

#### Балалар құқығын қорғау бойынша кеңес құрылады



«Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев Астанада болған кайғылы оқиғадан сабақ алып, алдағы уақытта осындай қасіреттің қайталанбауы үшін нақты әрекет етуге шақырды.

«Бес бірдей бұлдірішнін қапыда қаза болуды тұтас халықтың қабырғасын қайсы-тырып жіберді. Өкініштен

өзегіміз өртенеді. Бірақ амал жоқ. Енді осындай қасіреттің қайталанбауы үшін әрекет етуіміз керек. Бұл жайт қоғамдағы кейбір өзекті мәселелердің кезек күттірмей шешуі шарт ететінін көрсетіп берді. Шын мәнінде, көп балды отбасыларға жүйелі қолдау көрсету, жұмыс істейтін аналарға лайықты жағдай жасау және балалар құқығын қорғау мәселесінде әлі де бол-

са жетілдіретін тұстардың бар екені сөзсіз. Сондықтан да халықтың жәрдемақы, баспа-на мәселесіне қатысты айтып, жазып жатқан сөздері орынды», деп жазды Мәулен Әшімбаев Facebook-тегі аккаунтында.

Осыған орай «Нұр Отан» партиясы бұл бағыттарда нақты ұсыныстар дайындауда. М.Әшімбаевтің сөзінше, алдағы уақытта сол бойынша партия Үкіметпен бірлесіп жұмыс істеп, жағдайдың жақсаруына өз үлесін қосады. «Сонымен бірге, партия жанынан Балалар құқығын қорғау жөніндегі кеңес құру туралы шешім қабылданғанын жеткізім келеді. Осы бағытта да бүкіл қоғам болып жұмылып, өскелең ұрпақтың жарқын болашағы жолында бірлесіп жұмыс істейік», деп шақырды партия төрағасының бірінші орынбасары.

### Түрленген Түркістан

#### Құрылысқа қарқын

Түркістан облысында өткен жылы республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен 38,7 млрд теңгеге 169 инвестициялық жобаның құрылысы жүргізілді.

Облыстық құрылыс басқармасының басшысы Токтар Усепалиевтің айтуынша, жобалардың 71-і пайдалануға берілсе, қалған 98 нысанның құрылысы 2019 жылға өтпелі. Ал жобаларға қарастырылған қаражаттың басым бөлігі білім саласына жұмсалған. Атап айтқанда, 80 нысанның құрылыс жұмыстарына деп 17,9 млрд теңге бөлінген. Оның 39-ы ел игілігіне берілсе, 41-і ағымдағы жылы тапсырылды.

«Денсаулық сақтау саласы бойынша 5,8 млрд теңгеге 11 нысанның құрылысы жүргізілді. Оның 2-еуі осы жылы тапсырылды, 9 нысанның құрылысы жоспар бойынша аяқталуы тиіс. Ал спорт саласына 1,262 млрд теңге бөлінді, 3 нысан бой көтерілі. 202,7 млн теңге мәдениет саласына қаралып, 2 нысан салынды. Сондай-ақ облыстық бюджет есебінен 59 млн теңге бөлінді, 2 нысанның құрылысы басталды», — деді басқарма басшысы.



Өткен жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 344,7 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Жалпы аумағы 387,8 мың шаршы метр болатын 3003 пәтер ел игілігіне тапсырылды.

«Облыста әлеуметтік сала қызметкерлеріне арналған 32 екі қабатты тұрғын үй құрылысына 1 929,1 млн теңге қаржы қарастырылды. Бүгінгі таңда 13 тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Қалған баспаналар 2019 жылы пайдалануға беріледі. Ал Түркістан қаласында «ӘКК Түркістан» АҚ-ы және жеке салушы арқылы көлемі 26,1 мың шаршы метр болатын 336 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үйдің

құрылысы басталды. Бұл ғимараттар 2019 жылдың 3-тоқсанынан бастап «7-20-25» бағдарламасы арқылы халыққа ұсынылады», — деді ол.

Белгілі болғандай, басқарма тарапынан биыл 39,6 млрд теңгеге 148 инвестициялық жоба іске асырылмақ. Олардың 81-і ағымдағы жылы пайдалануға беріле, 67 нысан құрылысы келесі жылға өтпелі. Атап айтқанда, білім беру саласында — 69, денсаулық сақтау саласында — 4, ішкі істер органы — 2, тұрғын үй құрылысы бойынша — 62, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында — 10, қоршаған ортаны қорғау бойынша 1 нысанның құрылысы жүргізіледі.

### Негізгі өсім

#### Мұнай өндіру көлемі артты



Қазақстанда ішкі мұнайды өндіру көлемі 6,3%-ке өсті. 2018 жылдың қорытындысында ішкі мұнайды өндіру көлемі нақты мәде 77,5 млн тоннаға құрады. Бұл ақшамен есептегенде 12,2 трлн теңгеге артты.

мамен үштен екіге жуығы Атырау облысына, 23,3%-і Маңғыстау облысына, 8,3%-і Қызылорда облысына тиесілі. Энергетика министрінің мәліметіне сәйкес, өткен жылғы мұнай өндірудің жылдық жоспары 20%-ке артығымен орындалған. Өткен жылдың қорытындысында

Қашаған кен орнынан 13,2 млн тонна мұнай өндірілген. Ал Теніз кен орнынан алынған мұнайдың көлемі 28,6 млн тоннаға құрады. Бұл жылдық жоспардан 1 млн тоннаға артық. Қарашығанақта да мұнай өндіру жоспары толықтай орындалды. Аталған кен орнынан 12,2 млн тонна мұнай алынды.

Экспорттық бағытта да өсім бар. Мәселен, 2018 жылдың 11 айында 33,7 млрд доллардың 63,2 млн тонна мұнай экспортқа шығарылған. Бұл ретте Қазақстан мұнайының негізгі импорттаушысы Италия болып отыр. Сол мерзімнің қорытындысы бойынша қазақстандық мұнайдың экспорттық бағасы 2017 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 42,2%-ке артқан.

### ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысының жуырдағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында алға көйген міндеттерін әрі қарай іске асыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

#### БОТАҒӨЗ ӘБДРЕЙҚЫЗЫ

Үкімет отырысында Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев күн тәртібінің мәселелерін қарастыра алдында өрт кезінде қаза тапқан бес баланың ата-анасы мен туған-туыстарының қайғы-қасіретіне ортақтасып, көңіл айтты. Жан түршігерлік жағдай Астанада 4 апқан күні орын алды. «Бір отбасының басына түскен ауыр қайғы. Ай-күннің аманында бес бірдей баласынан айырылып қалған ата-анасына Құдай күш-қуат берсін. Марқұм болған балалардың ата-анасына, туған-туыстарына, барша ағайындарына қайғырып, көңіл айтамыз», деді Б.Сағынтаев.

Астана қаласының әкімі Б.Сұлтановтың және ішкі істер министрі Қ.Қасымовтың аталған отбасыға қолдау көрсету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы уақытта мұндай жағдайлардың орын алмауы үшін қабылданатын шаралар туралы баяндамалары тыңдалды.

Үкімет басшысы алдағы тәуліктерде біртұтас өкілдерге құн қатты сұғатындықтан, өкілдіктердің, өрт сөндіру және төтенше жағдайлар қызметтерінің назарын өрт қауіпсіздігі мәселесіне аударды. Ішкі істер министрінің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жылу беру маусымы аяқталғанша өрт қауіпсіздігі айлығын қайта бастау тапсырылды.

Жылу мен энергия беретін барлық ұйымдар, өкілдіктердің тұрғын-үй коммуналық қызметтерін тұтынушылар жеткілікті деңгейде жылумен және жарықпен қамтамасыз етуі тиіс. Барлық қызметтер іркіліссіз және апатсыз жұмыс істеуі қажет. Сонымен қатар облыс өкілдіктері мен ПМ-ге қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында жеке үйлердегі өрт қауіпсіздігіне жүргізілетін тексерістер сапасына ерекше көңіл бөлу тапсырылып, қатан талап болуы тиістігі ескертілді.

Жыныда Президенттің жуырдағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын орындау бойынша ұсынылатын шаралар туралы жауапты мемлекеттік органдардың баяндамалары тыңдалды. Бұл ретте Үкімет басшысы тиісті тапсырмалар берді.

Ұлттық экономика министрінің Қаржы, Білім және ғылым министрліктерімен бірге және өкілдерге мектеп салу мен жөндеу функцияларын оларды қаржыландыру функцияларымен бірге өңірлерге беру мәселесін

пысықтау тапсырылды. Бұл бюджет процесін оңайлатып, мектептерді салуды немесе жөндеуді жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Медицина жұмыскерлерінің практикалық даярлығын күшейту үшін Денсаулық сақтау министрлігі практикалық дағдыландыруға назар аударатын, халықаралық стандарттар бойынша оқитудың қазіргі заманғы бағдарламаларына көшу жөнінде ұсыныстар енгізіп, өкілдермен бірге биыл мемлекеттік ауруханаларды меншікті клиникалық базалар ретінде медициналық жоғары оқу орындарына беру мәселесін пысықтауы тиіс.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық экономика, Қаржы, Білім және ғылым министрліктерімен бірге жұмыс істеп

#### Алдағы жоспар айқын болуы тиіс



жүрген адамдарды үздіксіз оқытудың кешенді жүйесін іске қосуды (lifelong learning) қамтамасыз етуі, жұмыс берушілермен ынтымақтастық отырып, салықтық шегерімдерді кәсіпорындардың персоналды оқыту шығыстарына қолдану мүмкіндігін зерделеуі тиіс, сонымен қатар қайта даярлау және біліктілікті жоғарылату курстарына ақы төлеудің ваучерлік негіздерін қарастыруы қажет. Электрондық Еңбек біржасының негізінде кәсіптік дағдыға оқытатын, сондай-ақ қажетті дағдыларды үйрететін және алған дағдыларын жұмыс берушілер мойындайтын сертификат беретін оқу курстарының ауқымды тізбесі бар Жалпыұлттық оқуынды онлайн-порталын іске қосуды қамтамасыз ету қажет.

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірге мемлекеттік органдарда қазіргі бизнес процесстерді түбегейлі қайта қарау жөніндегі шараларды әзірлеуі, ел адымен қағаздан бас тартып, 2020 жылдан бастап толықтай электронды құжат айна-

лымына көшуі, халыққа жүргізіліп жатқан реформалар туралы үнемі ақпарат беріп, өзара байланысты қамтамасыз етуі қажет.

Ұлттық экономика министрінің Қаржы министрлігімен бірге әлеуметтік төлемдерді есептеу және еңбексіз төлеу қорынан бірінші төлем түрінде төлеу тәртібін оңайлатуы қажет. Жеке тұлғалар үшін жер салығы мен ондағы құрылысқа салынатын салықты жылжымайтын мүлікке салынатын бір салыққа қосу мәселелерін пысықтау және көп пәтерлі тұрғын үйлерде жер салығын алып тастау мәселесін қарау тапсырылды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен

бірге 2019 жылдың ортасына дейін «Сапалы Қазақстан» кешенді оқу-тәрбиелік бағдарын, қабылдауы, онда халықаралық деңгейге сәйкес келетін қазақстандық стандарттарды, техникалық регламенттер мен нормаларды 3 жыл ішінде енгізуді, заманауи зертханалық базаны дамытуды ескеруі тиіс. Сондай-ақ Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен, Назарбаев Университетімен бірге алынған қатарлы ғылыми-технологиялық компанияларды құрылған инновациялық экоспириті, оның ішінде Astana Business Campus пен Astana Hub халықаралық АТ стартаптар технопаркін одан әрі дамытуға стратегиялық әріптес ретінде тартуды пысықтауы тиіс.

Б.Сағынтаев Президент белгілеп берген міндеттерді бәрі нақты орындауы тиіс екенін атап өтті. Мемлекеттік органдардың басшыларына Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша ұсыныстарды Үкіметтің ағымдағы жылғы жұмыс жоспарына қосу үшін Ұлттық экономика министріне үш күн мерзімде енгізу тапсырылды.

### ТУҒАН ЖЕР



#### ШАРЫН ШАТҚАЛЫ

Алқаттар ғимараты деп аталатын Шарын шатқалы Алматы қаласынан 195 шақырым, Талғар ауданынан 180 шақырым қашықтықта орналасқан. Шатқалды бойлап ағып жатқан Шарын өзені ең үлкен өзен аңғары болып есептеледі. Табиғаттың мұндай көркі сонау 30 млн жыл бұрын пайда болған.

Шарын өзенінің барлық нысандары 2004 жылдың 23 сәуірінде құрылған. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрамына кіреді.



## БИЗНЕС &amp; ҚАРЖЫ

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ▶ УЛТТЫҚ БАНК: ҚАДАҒАЛАУ

## УЗДІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЯСЫНДА

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау барысында Улттық банк қаржы секторын қалыптастыру саясатын қалағандықтан, қалағандай жүйелі ұздік халықаралық тәжірибені, оның ішінде тәуекелге бағдарланған негізде өткізуді жалғастырады.

Үкімет отырысында баяндама жасаған Улттық банктің төрағасы Данияр Ақышев бұл бағыттағы маңызды шаралардың бірі кепілді кредиторлардың абсолютті басымдығы бойынша қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу болып табылатынын атап өтті. «Бұл кредиторлардың кәсіпорындар банкроттығына мүдделілігін арттыруға, нақты секторы қалыптастыруға, кепіл мүлкін экономикалық айналымға тартуға мүмкіндік береді», — деп атап өтті Улттық банк төрағасы.

Қаржы реттеушісі билік банк активтерінің сапасын жаңа жаққа бағалау жөніндегі дайындық жұмыстарын бастайды. Осы ретте кәзіргі күні бұл мәселелерді банктермен талқылау қолға алынды. Сонымен қатар, Данияр Ақышев Улттық банк «7-20-25» бағдарламасының үлгісінде Қазақстан азаматтарының отандық автомобильдер сатып алуға кредит беру бағдарламасын жедел әзірлеуге дайын екендігін атап өтті. «Бұл ұсынысты мүдделі мемлекеттік органдармен және банктермен осы бірінші жартыжылдықта жаңа жақты пысықтап, екінші жартыжылдықта бағдарламаны іске қосуға дайынбыз», — деді ол.

Қаржы реттеушісінің басшысы сөзін қорытындылай келіп, бас банк экономикадағы көлемдік айналыммен күрес аясында қолма-қол ақшаны пайдалануды шектеу және қолма-қол ақшасы айналымды кеңейту бағытындағы іс-шараларды талқылауға дайын екендігін атап өтті.

## ▶ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

## ҚАҢТАРДА ЖАРНА

## 7 МИЛЛИАРДТАН АСТЫ

Жаңа жылдың алғашқы айында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 7,6 млрд теңге көлемінде жарна түсті.

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен бийылға қантар айының соңына дейінгі аралықта жинақталған жалпы жарна сомасы 140,52 млрд теңгені құрады. Оның 131,86 млрд теңгесі (шамамен 93,8%) жұмыс берушілердің ауаулары болса, қалған 8,66 млрд теңге (6,2% жуығы) — жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі.

Өңірлер арасында жарна төлеу жағынан бұрынғыша Алматы, Астана қалалары мен Қарағанды облысы қош бастап тұр.

Қор қаржысы Улттық банкте сақталды, болашақта МӘМС төлеуі аясында көрсетілетін қызметтер ақпараттық жүйесінде. Улттық банкпен қаржыны сенімгерлік басқару туралы келісім жасалған.

## ▶ «АСТАНА» ХҚО

## ҚАРЖЫЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ЖЕЛІСІ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы әлемдік реттеушілермен бірлесіп, «Жаһандық құмылғыш» (Global Financial Innovation Network) бағдарламасын іске қосты.



Қаржылық инновациялардың жаһандық желісі (Global Financial Innovation Network немесе GFIN) — бұл Ұлыбританияның қаржы қызметін бақылау жөніндегі басқару, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк тобы және АХКО-ның қаржы қызметтерін реттеу жөніндегі комитетін қоса алғанда, 29 әлемдік қаржы реттеушісі мен ұйымдардың бауын қосып отырған бірлестігі. GFIN инновация саласында ынтымақтастық және тәжірибе алмасу, реттеуші технологиялар (RegTech) саласында білім алмасу, компанияларға бір мезгілде Қазақстан, Ұлыбритания, АҚШ және басқалардың да құзыреті аясында, бірнеше әлем инновациялық өнімдері, қызметтері немесе бизнес-үлгілері тәжірибесі мүмкіндік беру мақсатында құрылған. «GFIN әлемдік қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында реттеуші-пәкірестер арасындағы ынтымақтастыққа ықпал етеді. Бұл жоба әділ, транспарентті және тиімді негізде трансекторлық қаржылық қызметтерді дамыту бойынша АХКО міндеттерін бірін іске асыруға жәрдемдеседі», — деп атап өтті АХКО комитетінің қаржылық технологиялар жөніндегі басқарушы директоры Асылбек Дәулетов.

«Жаһандық құмылғышта» тәжірибесінен өту үшін қатысушы реттеушілер тізімін, тиісті талаптарды қарап шығып, өткізілімі 2019 жылғы 28 ақпанға дейін беруі қажет. Қатысуға ниет білдірушілер тәжірибесі өткізілімі келетін елдердің реттеуші талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар GFIN басқа қаржы реттеушілері мен халықаралық ұйымдарды желіге қосылуға шақырады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

## ▶ САНДЫҚ ИНДУСТРИЯ 2.0

&gt; [1]

Форумның барлық қатысушысына жемісті еңбек және алға қойған мақсаттарына қол жеткізуді тілеймін, — дегенін Нұрсұлтан Назарбаевтың хатында.

Қазақстан, Беларусь, Қырғыз, Ресей және Армения елдерінің үкімет басшылары, Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы қатысқан форумның пленарлық сессиясында ЕАЭО цифрлық күн тәртібін іске асыру және инновациялық эжокуйені дамыту, оның ішінде одаққа мүше мемлекеттердің технопарктерін интеграциялау мен жаңа цифрлық жобаларды іске қосу арқылы күшжігерді одан әрі біріктіру мәселелері талқыланды. Қатысушылар форум мінберінен цифрлық экономиканы құру саласындағы өз тәжірибелерімен бөлісті. Сандық индустрия, инновациялар елдерімізге бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейімделген және өмірдің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні аталып өтті. Яғни кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға негіз болады, сондай-ақ денсаулық сақтау, экология, энер-



## Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі

гетика және азық-түлік қауіпсіздігі салаларындағы түйткілерді шешуге көмектеседі.

Форумның мақсаты — Еуразия технопарктерін интеграциялау. Осы тұрғыда қатысушы елдердің ұздік тәжірибелері негізінде АТ саласындағы инновациялар мен кәсіпкерлік аясында ынтымақтастықты дамыту, мемлекеттік қызметкерлердің, корпорациялардың, кәсіпкерлердің, инвесторлардың және эжокуйенің негізгі ойыншыларының қызметін бір құрылым шеңберінде біріктіру арқылы Еуразиялық өңірдің әлеуетін ашу, инновациялық эжокуйе мәселелері бойынша білім және тәжірибелер алмасу.

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев өз баяндамасында барлық инновациялар мен технологиялардың басты мақсаты адамдардың өмірін жақсарту, олардың жұмысы мен өсуіне қолайлы жағдайлар жасау екенін атап өтіп, цифрлық күн тәртібіне байланысты Қазақстан тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. «Біз цифрлық күн тәртібінде өсымен екінші жыл өмір сүріп жатырмыз. Қазақстан электронды қызмет көрсетуі 10 жыл бұрын басталды. Кәзіргі таңда мемлекеттік қызметтердің 60% электронды үкімет порталы арқылы ұсынылады, биял аталған көрсеткішті 80% жеткізу міндеті тұр. Бүгінде eGov-тан 10 Gov-қа (мобильді үкімет) көшу жұмыстары жүргізілуде», — деді премьер-министр.

Еліміз алағай төрт жылға «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға 310 млрд теңге жұмсамақ. Ол сонымен 169 млрд теңгесі квазимемлекеттік субъектілердің есебінен алынаса, 141 миллиарды республикалық бюджеттен бөлінеді. Жоба ойдағыдай іске асса 2025 жылға қарай салық түсімін 1,7-2,2 трлн теңгеге жеткізіп, 300 мың адамды жұмыспен қамтуға жол ашылмақ. «Инфрақұрылым үшін Қазақстан аумағы өте үлкен. Біз барлық қалаларда инфрақұрылымды, яғни интернетті толық қамтамасыз етеміз. Ауыл тұрғындарының 43 пайызы, 7 мыңға жуық ауылдық елді мекенде интернет жылдамдығы жеткілікті деңгейде, бұл өте маңызды. Ауылдарды кең жолақты интернетпен қамтамасыз етуді 2020 жылға дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Біз мектеп қабырғасынан математиктер мен бағдарламашыларды әзірлеп, жоғары оқу орындарын осы салаға бағыттап отырмыз. Инновация керек, сол үшін біз шетелдік әріптестермен қарым-қатынас орнатмамыз, әсіресе цифрландыру мәселесінде бірге әрекет ету маңызды. Сөз жоқ, әр мемлекет өзіне дамыды, дегенмен, ең маңыздысы — форумнан кейін цифрландыру саласында ынтымақта-

алуымызда болып отыр», — деді Бақытжан Сағынтаев.

Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға арналған Astana Hub халықаралық технологиялық паркі жұмыс істейді. Бүгінгі күні Hub 100 пайыз толық. Сонымен қатар, инновациялық саланы мықты ойыншылар оған әрі тарту жұмыстары жүргізілуде. Astana Hub қатысушылары үшін таланттарын басын қосып, бәсекелестікті дамыту мақсатында барлық қажетті жағдайлар жасалған: жөнділетілген виза және еңбек рәжімдері, арендалық тұрғын үй беру, гранттық қаржыландыру құралдары. Бұдан өзге, ЕАЭО ішінде бәсекелестікті дамыту тартп жобалардың сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні аталып өтті.

Сонымен қатар инновациялық эжокуйені құрып, таланттарды дамыту үшін Қазақстанның білім беру жүйесінде, соның ішінде орта, кәсіби және жоғары білім беру саласында бірікпелі реформалар жүргізілді. Мәселен, Астананда мамандандырылған АТ-университет ашу көзделген, оның жұмысы Astana Hub қызметімен тікелей байланысты болмақ. Ғылыми қызметті қолдау бойынша келеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жалпы, Елбасы Н. Назарбаев өткен жылдың қазан айында 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салалары қаржыландыру деңгейін ЖІӨ 10% дейін жеткізу туралы міндет қойды, сонымен қатар ЖІӨ-де ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындарды 2025 жылға дейін 1% жеткізуді тапсырды.

Өз кезегінде Ресей Федерациясы премьер-министрі Дмитрий Медведев Ресей ЕАЭО аймағында жобаларды жүзеге асыруға негіз беретін тікелей цифрлық технологияларды енгізуге баса ден қойғандығын атап өтті. «Біздің елімізде цифрлық бағдарлама ұлттық модельге айналды. Біз алағай 5 жылда бұл салаға 1 трлн 800 млрд рубль салауға ниеттіміз. Бұл қаражаттың жартысы федералды бюджеттен, қалғаны бюджеттен тыс қаржыдан алынады. Біздің тәжірибеміз ЕАЭО елдері үшін пайдалы болады деп сенемін», — Д.Медведев.

Ауылды жиын барысында ой-пікірлерін ортаға салып, өз тәжірибелерімен бөліскен сандық форум қатысушылары — Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкімет басшылары, халықаралық сарапшылар, сандық индустрия саласының жетекші мамандары халықаралық жиында жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Қазақстан үкіметіне ризашылықтарын білдіріп, форум аясында талқыланған өзекті мәселелер цифрландыру саласында дамуына серпін беретінін атап өтті.

«Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі» халықаралық форумы

тақырыптық сессиясында сөз алған ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев әлемдік деңгейдегі бұл басқосудың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынғанын айттып, Еуразиялық экономикалық одақ елдерін кешенді цифрландыру осы жиыннан бастау алуы керектігін атап өтті.

Алқалы жиын аясында ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев бірікпелі әріптестерімен екіжақты кездесулер өткізді.

Беларусь Республикасының байланыс және ақпараттандыру министрі Сергей Попковпен кездесуде тараптар екі елдегі цифрландырудың негізгі бағыттары бойынша салалық ведомстволар арасындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Сондай-ақ министрлер электронды қызметтер мен пошта байланысын, инновациялық технологиялар паркі дамуы жөнінде пікір алмасты.

Өзбекстан Республикасы ақпараттық технологиялар және коммуникацияларды дамыту министрі Шерзод Шерматовпен кездесулер кезінде Орталық Азияда экономиканы цифрландыру саласында екі елдің рөлі артып келе жатқаны атап өтті. Дәурен Абаев инновациялық орталықтардың, АКТ саласындағы ұйымдардың, жоғары оқу орындарының арасындағы байланыстардың нығаюы трансұлттық компаниялар мен инвесторларды тартуға септігін тілгізгендігін айтты.

Кездесу барысында «Зерлеу» ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі (Қазақстан) мен «UZINFOCOM» мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және қолдау бірінші интеграторы (Өзбекстан) арасында тәсілсіз меморандумға қол қойылды.

Сонымен қатар Дәурен Абаев Халықаралық электр байланысы одағы бас хатшысының орынбасары Малкольм Джонсонмен кездесті. Тараптар Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін арттыруға қатысты ынтымақтастық жасау мүмкіндіктерін қарастырды.

Әзербайжан Республикасы байланыс және жоғары технологиялар министрінің орынбасары Эльмир Везизадем кездесуде Ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол жеткізді.



Сандық индустрия алға озған жағдайда даму үстіндегі кәзіргі уақыт талабы тұрғысынан алғанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің бірікпелі цифрландыру (БҰҰ), «Инновациялық эжокуйедегі цифрландыру», «Индустрия 4.0 — инновациялық эжокуйе тұтынушысы», «Шағын және орта бизнесті цифрландыру» атты тақырыптық сессияларда кенінен талқыланды.

Пленарлық сессия қорытындысы бойынша цифрлық қолтанбалы пайдалана отырып, Astana Hub (Қазақстан), «Сколково» (Ресей), «Кәсіпорындар инкубаторы» (Армения), «Жоғары технологиялар паркі» (Қырғызстан) технопарктерін арасында Өзара тәсілсіз пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Форумның басты тақырыбы аясында өзекті мәселелер «ЕАЭО цифрлық күн тәртібі», «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі цифрландыру (БҰҰ)», «Инновациялық эжокуйедегі цифрландыру», «Индустрия 4.0 — инновациялық эжокуйе тұтынушысы», «Шағын және орта бизнесті цифрландыру» атты тақырыптық сессияларда кенінен талқыланды.





**БИЗНЕС&БИЛІК**

↳ KAZAKHSTAN THROUGH THE EYES OF FOREIGNERS

The Ak Zhol party faction in the lower chamber of Kazakhstan's parliament sent a parliamentary request to the Kazakh Prime Minister, Bakytzhan Sagintayev, to consider the possibility of naming the country as the Kazakh Republic.

DANISH AZIM

It was widely assumed that history is written by the victors. But this is apparently not always the case. We would like to tell one of those stories which could be considered as exceptions to the above-mentioned unwritten rule. Aina-Zerkalo, an Azerbaijani newspaper, in an article by Emil Agayev entitled «Наш Отец Кorkyт, или Кто такие азербайджанцы? – «Our Father Korkyt, or who are Azerbaijans?» said: «It is not Azerbaijani habit to dwell upon history. My father only remembered – at my request, and even then not without difficulty – his great-grandfather and great-grandmother, no further up the patrilineal basis.

Here's the thing: Not all Azerbaijans know the origin of their families – but «all of them» know from whom they drive their origin in the long run: from Proto-Turks, of course. Who else would it be?!

Yes, if we consider the original dominant, the consolidating factor of the ethnicity, its language, as well as the events-based and household-based signs of times gone-by, Kitabı–Dede Korkud (the Book of Dede Korkud), an Oguz epic is such a dominant for the Azerbaijanis. 1300th anniversary of which was celebrated at the end of the last century.



It is no accident that the author of the epic's Russian language version, (which is, by the way, brilliantly made!), Alla Akhundova, has translated the word «Dede» not literally, i.e. not as «grandfather», but as «FATHER», meaning – the father of the Turks, spiritual father. It is similarly no accident that the pioneer in the study of Azerbaijani mentality, philosopher and publicist Gassan Guliyev has entitled his first book on this topic «Genotypes of Korkud's family»

After conducting a thorough research of this epic, Muharrem Ergin, a Turkish scientist has made an unambiguous conclusion: it is «a wholly Azerbaijani creation», because each of its lines «brings us to the Azerbaijani Turkic language».

According to the Turkish and Azerbaijani science's understanding, what Kazakhs know as «Korkyt ata kitabı» («The Book of My Grandfather Korkyt») turns out to be «a wholly Azerbaijani creation». What tends to be ignored is Korkyt (Korkut, Korcud) was and still is believed to have lived in

the steppes region where the Syr Darya River flows.

And also, from what the Turkish and Azerbaijani scientists are saying, it sounds like Kazakhs, who have erected a monument to Korkyt's kobyz (a bow instrument with two strings) in the Kyzylorda region and named after him a university in Kyzylorda city and a folk music ensemble in Astana, are actually glorifying not one of the figures of their own culture, but the author of «a wholly Azerbaijani creation». But we don't think they are. For Kazakhs, Korkyt was and still is one of the figures

al musical genres, including folk and Kazakh varieties of traditional kuis, zhyr and terme. The ensemble was established in November 2015 by Saken Abdrahmanov, the director and chief artistic director of the State Academic Philharmonic of Astana. On February 25, 2016, a presentation of the ensemble was successfully held in Kazakhstan, which was highly appreciated by the audience. Renowned Kazakh artist Mayra Ilyasova, famous musician Edil Kusainov, and dance ensemble Shalkyma also performed in the genre of Terme as part of this concert named

«Kasyrlar tolgaуy», which means «Poem of the Centuries» when translated from the Kazakh language. Moreover, Shalkyma artistic director Sholpan Korganbek was awarded with the medal «Mad'eniet Gairatkeri» of the Republic of Kazakhstan. In a short time the ensemble became winners of prestigious international competitions such as «Shabyt» and Jazz Festival. The group also performed in the US, Russia, China, Serbia and in some European countries, as well as in the Middle East, including Jordan.

Yet Azerbaijans tend to completely appropriate the legacy of Korkyt (Korkut, Korkud), leaving Kazakhs out in the cold

That's what's interesting about such contradictions as well. Kazakhs have always readily accept and promote the version that such creations as Kitabı–Dede Korkut («The Book of Grandfather Korkyt») should be considered common written epic monuments of the Turkic peoples.

But Turks, Azerbaijanis and other Caucasian peoples speaking Turkic lan-

guages cannot seem to convince themselves that they might have something in common with the peoples of Turkic-Mongolian origin. And they, figuratively speaking, begin to claim exclusive rights to the outstanding historical examples and concepts of creativity, associated with the Turks as a whole. In such cases, the contradictions were often connected, as we see it, with the differences between the Mongoloid (East Asian) and Caucasoid (European) physical types.

**WHO – ASIANS OR CAUCASIANS – WERE THE KIPCHAKS?**

The answer seems to be clear, and for a long time already. The Kipchaks were Turks. And the genuine Turks have been and still are the people of Far Eastern origin.

Turkic languages, on the one hand, and Japanese and Korean languages, on the other, share considerable similarity in typological features of their syntax. According to archaeological evidence, the ancestors of Koreans settled the Korean peninsula five thousand years ago. Before that, they are now considered to have been a nomadic people of Mongoloid origin. Modern Korea is located to the east of China. Japan is located further to the east. There is no clear information about when those Japanese ancestors, who brought their native language, also belonging to the Altaic group, to Japan, set foot on the Japanese islands.

But it is an obvious fact that both modern Korean language and modern Japanese language are much closer to the majority of modern Turkic languages on syntax and gender than modern German language to Russian.

Subsequently, there are serious grounds for presuming that in prehistoric times, the distant ancestors of modern Koreans, Japanese and those who later brought the Turkic language to Central and Middle Asia, as well as to Eastern Europe, had lived side by side and had a common origin.

In other words, as such Turks originally, just like the Korean and Japanese peoples, belonged to the Mongoloid race.

Since the largest Turkic ethnic groups are now racially identified as Caucasians, there is an assiduously cultivated myth that both the Turks and the Kipchaks had already in the early Middle Ages nothing in common with the Mongoloid racial type. And it has been most ardently championed by historians who represent the Caucasian Turkic peoples.

Murad Adji, a popular author (particularly in Kazakhstan), who as a Kumyk by nationality undertook to study the topic of Kipchaks, or Polovtsy in his search of deep ancestral roots, at first imperatively claimed that «Kipchaks» or «Polovtsy» had been blond people. Like, the etymology (Russian word «Polovtsy» is related to the adjective «polovy» which in its literal translation means «yellow») speaks for itself.

(To be continued)

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

▶ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

**ӨНІРЛЕР АРАСЫНДА КӨШ БАСТАП ТҮР**

Астана қаласы бойынша өткен жылдың қорытындысында экономика құрылымдағы шағын және орта бизнестің үлесі 61%-ды құрап, 2017 жылдың сәйкес кезеңмен салыстырғанда 19,5%-ға артты.

Қалалық инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Әлішер Әбдіқалыров атап өткендей, Астана экономика құрылымдағы шағын және орта бизнестің үлесі бойынша өнірлер арасында көш бастап тұр. «Елорда Мемлекет басшысы алға қойған міндетті мерзімінен бұрын орындады. 2050 жылға дейін жалпы өнімдік өнімдегі ШОБ-тың үлесін 50% қамтамасыз ету тапсырылған болатын. Бүгінде бұл көрсеткіш – 61%. Бұл Астанада өз ісін ашу үшін қолайлы ахуал жасалғанын көрсетеді», – дейді басқарма басшысы.

Әкімдік өз тарапынан бизнесті енгізу үшін барлық рәсімдерді оңтайландыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. «Мысалы, былтыр біздің басқарма Vitfyru компаниясымен бірлесіп, қанатқақты жоба жасауға келісті. «1000 орын – көше саудасы» қалалық бағдарламасы аясында жер телімдерін бөлу аукциондарында технологияны енгізу шешілді. Егер бұрын аукцион күні бойы өтіп, кәсіпкерлердің уақытын алса, енді барлығы онлайн түрде өтетін болады. Тіркеу, кепілдік жарнаны төлеу және сауда-саттыққа қатысу енді телефон арқылы да қолжетімді. Ал сауда-саттықты нақты уақыт режимінде кез келген адам қарай алады. Блокстарды енгізу үдерісті толықтай ашық және транспарентті етуге мүмкіндік берді. Аукциондардың барлық мөлшерлемелері мен нәтижелері енді Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетімен жүргізіледі», – делі Әбдіқалыров.

Басқарма мәліметтеріне сәйкес, жана жылдың I қатарында Астанадағы кәсіпкерлік субъектілерінің саны 125 мыңды құрды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға артық. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша елордада 13 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Олардың жұмысы нәтижесінде өнім шығару көлемі 21,9%-ға ұлғайды.

▶ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ

**СУ ҚОЙМАЛАРЫ САЛЫНАДЫ**

Сыр өңірінде алдағы уақытта алты су қоймасын салу жоспарланып отыр.

Қызылорда облысында бұл су қоймаларының құрылысы агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қолға алынады. Онда 3 миллиард текше метр тасқын су жиналатын болады.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Шәменов атап өткендей, олардың ішінде ең ауқымдысы – 1,5 миллиард текше метр су жинайтын Күміскеткен су қоймалары. Жыл сайын Үлкен Арал теңізіне қайтарымсыз кететін 3-4 миллиард текше метр суды Күміскеткен және Қараөзек су қоймаларына жинауға өлден болады. Сол арқылы егістікті сумен қамтамасыз етуге, мал және балық шаруашылығын дамытуға жағдай жасалатын болады.

▶ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**ӨЗЕКПІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАПТЫ**

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімінің халыққа есеп беру кездесуінде көлік инфрақұрылымының дамуына мәзір берілді.

Былтыр ауданда жалпы құны 9 млрд теңгеден астам соманың ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген. «Әлеуметтік нысандар құрылысы туралы айтар болсақ, Сағыз және Мұқар ауылдарында 424 орындық мектеп ашылды, 60 орындық тағы бір мектептің құрылысы жүргізілуде. Сағыз, Қарабау ауылдарында өткен жылы екі балабақша салынған. Жеке тұрғын үй құрылысына жер телімін бөлу үшін инфрақұрылым жүргізіліп жатыр», – делі Арман Баженов.

Өткен жылы ауданда 11 620 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Аудан тұрғындары газбен, сумен 95% қамтылған. Бүгінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілетін 486 жер телімі дайын тұр. Есепті кезеңде көл салу және жөндеу, қолше жарықтандыру жұмыстары ойдалғай іске асырылды, алдағы уақытта ипподром құрылысын салу жоспарланып отыр. «Аудан әкімі есепті кезеңде атқарылған жұмыстарға кенінен тоқталды. Көкейтесті мәселелер шешімін тапты, алайда жұмыс мұнамен бітпейді, алда үлкен міндеттер бар. Ауданның дамуы барлық тұрғындардың белсенді ат салысуы талап етеді. Сіздердің ұсыныстарыңыз бен ескертулеріңіз мемлекеттік органдардың жұмыстарында есепке алынатын болады. Өңірде көлік инфрақұрылымының дамуына көп көңіл бөлініп отыр, бұл бағытта жұмыстар жалғасын табылды. Қазір Қарабау арқылы Илдерге баратын жол құрылысы жүріп жатыр. Биыл қосымша қаржыландыру қарастырылған. Қарабаудан Илдерге дейін 90 км автожол салу керек. Жобалау-металдық құжаттама дайындалуда. Бүгінде Атырау – Ақтөбе жолының құрылысы басталды, сондықтан ауданда жақын болашақта көлік инфрақұрылымына қатысты мәселелер шешімін табыды дегеніміз бар», – деп түйінделі есеп беру жиынына қатысқан облыс басшысы Нұрлан Ноғазов.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

